

OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	76/11
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	44 беттің 1 беті

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пән: «Сызба геометриясы»

Пән коды: SG 2201

БББ атауы: 6B07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 120 сағат / 4 кредит

Оқытылатын курс пән семестр: 2 курс, 4 семестр

Тәжірибелік сабактар: 10 сағат

Шымкент, 2024ж.

OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	76/11 44 беттің 1 беті
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	

Дәріс кешені «Сызба геометриясы» пәнінің жұмыс бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама №_____ Күні _____

Кафедра менгерушісі _____ Орымбетова Г.Ә.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	76/11 44 беттің 1 беті
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	

Дәріс №1

1. Тақырыбы: Кескіндеу тәсілдері. Монж әдісі. Монж эпюорі. Нұктенің проекциялары.

2. Мақсаты: Кескіндеу тәсілдерін, нұктенің кескіндерін оқып, оның қайда орналасқанын анықтауды жеткізу.


3. Дәріс тезистері:

Проекциялаудың әдістері мен қасиеттері


Кеңістіктен кез-келген π_1 -проекциялар жазықтығы және проекциялау центрі деп аталатын S_1 нұктесін алайық (1.1-сурет).

Сонда π_1 жазықтығы мен S_1 нұктесі қосылып, проекциялау аппаратын құрайды.

Енді қеңістіктен кез-келген A нұктесін алып оны S_1 центрінен π_1 проекциялар жазықтығынапроекциялап A_1 нұктесін саламыз. Яғни



1.1-сурет



1.2-сурет

Бұл үшін (1.1-сурет) :

1. Проекциялау центрі S - ten A нұктесі арқылы SA : (SA) ә A проекциялаушы түзуін жүргіземіз;

2. SA түзуінің π_1 жазықтығымен қиылышы A_1 нұктесі – A нұктесінің проекциясын береді, демек $A : A_1 = (SA) \cap \pi_1$;

Кеңістікте берілген кез-келген нұктенің π_1 жазықтығындағы проекциясы үқсас тәсілмен

анықталады, егер $(SB) \parallel \pi_1$ болған жағдайда $(SB) \cap \pi_1 = B_1$ (Сызба геометрияда бір-біріне

параллель екі түзу шексіз нұктеде қиылышады деп қарастырылады). Бұл жерде $B_1 \in a_1$, яғни a_1

бойында жалғыз меншікті емес (шексіз қашықтықтағы нұкте) B_1 нұктесі жатуы мүмкін.

Проекциялаушы сәулелер: (S) меншікті немесе (S) меншікті емес центрлер арқылы өтетін болғандықтан проекциялаулар:

1. **Центрлік проекциялау** – егер S тұрақты бір қашықтықта орналасса (1.1-сурет)

2. **Параллельдік проекциялау** – егер S шексіз қашықтықта орналасса (1.2-сурет)-деп екі әдістен түрады. Параллель проекциялау әдісі былайша айтқанда центрлік проекциялаудың дербес түрі.

Параллельдік проекциялау өз ретімен: тік бұрышты (ортогональды) $(S A) \perp \pi_1$, және қигаш

$\overset{\infty}{(S A)} \perp \pi_1$ болып екіге бөлінеді.

Енді центрлік және параллельдік проекциялауларға ортақ кейбір қасиеттерді атап өтейік:

1. Нұктенің жазықтықтағы проекциясы нұкте болады, бірақ бір проекциялау (SA) сәулесінің

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</p>	<p>76/11 44 беттің 1 беті</p>
<p>Дәріс кешені «Сызба геометриясы»</p>	

бойында жатқан нұктелер – A_1 нұктесіне сәйкес келеді.

2. (a) түзудің проекциясы жалпы жағдайда (a_1) түзуі болады. Егер (ℓ) түзуі S арқылы ($\ell \in S$)

өтетін болса, онда оның проекциясы нұктеге проекцияланады, ондайда $\ell^*_1 = \ell$ түзуінің түсіндатылған проекциясы.

3. Егер A нұктесі (a) түзуінің бойында жатса, онда A_1 проекциясы да a_1 проекциясында жатады, $a_1 : (A \in a \Rightarrow A_1 \in a_1)$;

4. Егер (a және b) түзулері қиылсыратын болса, онда олардың проекциялары да (a_1 және b_1) қиылсысады: $(a \cap b = K \Rightarrow a_1 \cap b_1 = K_1)$.

Параллель проекциялау үшін орынды:

5. Кесінділердің ұзындықтарының қатынасы проекцияларының ұзындықтарының қатынасынатең:

$$\frac{AK}{KB} = \frac{A_1K_1}{K_1B_1}.$$

6. Егер a және c түзулері: бірі-бірімен параллель болса ($a \parallel c$), олардың проекциялары дапараллель: $a \parallel c \Rightarrow a_1 \parallel c_1 \wedge a_2 \parallel c_2$;

1.2. Геометриялық модельдердің жасалынуы

$M = \{M^i\}$ және $N = \{N^i\}$ жиындары элементтерінің арасында (M^i – кейбір фигуralар немесе құбылыс, процесстер және т.б., ал N^i – геометриялық фигуralар және олардың комбинациялары) өзара бірмәнді сәйкестік орнаган деп есептейік. Егер ондай болатын болса, N жиыны элементтерін M жиыны элементтерінің геометриялық моделі деп қабылдауға болады.

Кеңістіктің үшпараметрлі нұктелер жиынны M жиынның элементтері болсын, ал N жиынның элементтеріне π_1 жазықтығының екі параметрлі нұктелер жиынны және сол жазықтықтың барлықfigураларын жатқызамыз. Кеңістіктегі нұктелердің жазықтықтағы геометриялық моделін анықтайық.

Ол үшін π_1 жазықтығы мен S және S^* проекциялау центрлерінен тұратын проекциялау аппаратын құрастырамыз (1.3-сурет). Бұл жерде $S \neq S^*$. S және S^* центрлерінен A нұктесін проекцияладап, A_1 және A^* нұктелер жұбын анықтаймыз.

$$A_1 = (SA) \cap \pi_1$$


$$A^* = (S^*A) \cap \pi_1$$

$$(A_1 A^*) \in S^* \wedge A^* \in S = (SS^*) \cap \pi_1$$

Осындағы әдіспен салынған нұктелер жұбын кеңістіктегі нұктенің геометриялық моделі болатынын көрсетейік.

Калаган B_1 ә π_1 (таңдау әдістері еkipараметрлі

жиын) нұктесін алаңыз, ал (S^*B) түзуінде B^*



нұктесін (оларды таңдау бірпараметрлі жиын) белгілейміз. Сонымен B_1 және B^* нұктелер жұбына тура үшін, яғни B нұктесін моделін салуда көптеген, дәлірек айтқанда үшпараметрлі жиынды құрайтын әдістер бар. Сонымен B нұктесінің моделі:

1 1 1

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	76/11 44 беттің 1 беті
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	

1
1.3-сурет

$$B^{\{B\} B^*} \Leftrightarrow (SB) \cap (S^* B^*) = B.$$

Тік бұрыштап проекциялау жағдайында жалғыз проекциялар жазықтығында бір нүктенің екі кескінін, (қайтымды кескінін) салу мүмкін емес, сондықтан заттың өзін (оригиналын) анықтауушін проекциялау аппаратын екі еселеуге тұра келеді, яғни бір проекция жазықтығының орнына өзара қылышатын π_1 және π_2 жазықтықтары мен олаға сәйкес тік орналасқан S_1 және S_2 проекциялау центрлерін алу қажет.

1.3. Монж тәсілі.

Монж эпюріндегі нүкте моделі

Егер π_1 және π_2 проекциялар жазықтықтарын бірін-біріне тікбұрыштап орналастырсақ, ондай жазықтықтарға тікбұрыштап проекциялауды **Монж тәсілі** деп атайды¹⁾.

S_1 және S_2 проекциялау центрлері проекциялар жазықтықтарына перпендикуляр бағытта

$$\text{шексіздікте орналасқан: } S_1 \perp_{\pi_1} S_2 \perp_{\pi_2}.$$

π_1 – фронталь проекциялар жазықтығы²⁾;


π_2 – горизонталь проекциялар

жазықтығы; $x_{12} = \pi_1 \cap \pi_2$ – проекция осі


(1.4-сурет).

¹⁾ Бұл тәсіл қазіргі күнге дейін, яғни 200 жылдай жоғары техникалық білім беруде француз инженері Г.Монждың (1746-1818ж.ж.) ұсынған проекциялар теориясынан шыққан. Оның мағынасы мынада: денені вертикаль және горизонталь жазықтықтарына тік бұрыштап проекциялап оларды бір жазықтыққа беттестіреді. Мұндай сызбада (эпюerde) кеңістіктің, мысалы, әр нүктесі бір вертикальдың бойында жататын жұп нүктелер болып кескінделеді. Сонда вертикаль және горизонталь жазықтықтарда жатқан геометриялық денелердің тік бұрышты проекциялары бір жүйеде байланыстырылып кескінделеді. Бұл тәсіл осы күнге дейін өзінің ұстанымдарын жоғалтқан жоқ, тек оның қолдануын кеңейтетін: белгілеу жүйелеріне; құрылым мазмұнына т.с.с. қосымшалар енгізілген.

²⁾Ұсынылып отырған кітапта (авт.) қазіргі инженерлік және компьютерлік графиканың дамуына сай белгілеу жүйесінде профессор Ж.Есмұхан енгізген [5]: вертикаль жазықтықты π_1 – деп, горизонталь жазықтықты π_2 – деп белгіледік.



1.4-сурет



1.5-сурет

Кеңістікten кез-келген A нүктесін алып, π_1 және π_2 жазықтықтарына оның проекцияларын саламыз (1.4-сурет). Бұл үшін төмендегі шарттарды орын-даймыз:

$$1. (S_1 A) \perp \pi_1;$$

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</p>	<p>76/11 44 беттің 1 беті</p>
<p>Дәріс кешені «Сызба геометриясы»</p>	

∞

2. $A_1 = (S_1 A) \cap \pi_1$; A_1 – A нұктесінің фронталь проекциясы;

∞


3. $(S_2 A) \perp \pi_2$;

∞

4. $A_2 = (S_2 A) \cap \pi_2$; A_2 – A нұктесінің горизонталь проекциясы.


1.4-суреттегі көрнекі сызба күрделі болғандықтан тәжірибеде сирек қолданылады. Егер осы сызбаны жазық түрге айналдыратын болсақ, онда ол едеуір жеңіл болар еді. Бұл үшін π_2 горизонталь жазықтығын $x_{1,2}$ осінен айналдырып, фронталь жазықтықпен беттестіреміз. Осылай алынған проекцияны **Монж эпюорі** немесе **кешенді сызба** дейді (1.5-сурет).

π_1 және π_2 проекциялар жазықтықтары өзара қиылышқанда төрт екіжақты бұрыш жасайды; оларды кеңістіктің ширектері деп атап, 1.6-суретте көрсетілгендей етіп I, II, III және IV сандарымен



1.6-сурет

белгілейді. $x_{1,2}$ проекция осі π_1 және π_2 жазықтықтарының әрқайсысын π_1 және $-\pi_1$, π_2 және $-\pi_2$ жарты жазықтықтарға бөледі. Мысалы, егер нұктесі екінші ширекте орналасса, онда оның горизонталь проекциясы $-\pi_2$ -де, ал фронталь проекциясы π_1 -де кескінделеді. Көрермен әрқашанда бірінші ширекте орнала
сады деп саналады.



1.7-сурет

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	76/11 44 беттің 1 беті
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	

1.7,б-суретте В нүктесі II ширекте орналасқан, яғни π_2 -нің үстінде және π_1 -дің артында (1.7асурет); осы жерде $(-\pi_2)$ мен (π_1) -ден бірдей қашықтықта орналасқан С нүктесі көрсетілген; А нүктесі кеңістіктің I ширегінде орналасқан; Е нүктесі – IV ширекте.


Монж эпюорі **кеңістіктің графикалық моделі** болып табылады. Бұл модельде нүктес-жұп нүктеге, түзу-жұп түзуге (жалпы жағдайда), фигура-жұп фигурага кескінделінеді. Бұл модельдердің қасиеттері кеңістіктегі объектілердің қасиеттеріндей. Кеңістіктің графикалық модельдері сызба геометрия курстарында кеңірек оқытылады.

Кеңістіктің координаттық моделі әртүрлі үштік нақты сандардан (координаттардан) тұрады. Әрбір үштік санға бір ғана нүктес сәйкес болады. Кеңістіктегі объектілерді анықтайтын нүктелер жиыны өзінің үш x , y , z – координатты нүктелер жиынындағы айнымалы шамалары бар тендеулермен сипатталады.


Координаталар мен тендеулер кеңістік фигуralар мен нүктелердің өзара байланысын көрсетеді: егер нүктенің координаталары фигураның тендеуін қанағаттандыратын болса, нүктес берілген жиынға тиісті. Координаттық модельдер аналитикалық геометрияда теренірек қарастырылады. Кеңістіктің аралас **графо-аналитикалық** модель (Монж координаттық сызбасы) екі модельді бірмезгілде қарастыруға мүмкіндік береді: графикалық Монж эпюорі түрінде және координаттық үштік нақты сандар түрінде. Бұл модель графикалық есептерді машиналық шешудің алгоритмін құрастыру үшін графикалық мәліметтерді кодтауға мүмкіндік береді.

Кеңістікте басы О нүктесі болатын x , y , z тікбұрышты координаталар жүйесін бөліп алайық (1.8,а-сурет).

Бұл координаталар жүйесінің хоз және хоу жазықтықтарын оларға сәйкес π_1 және π_2 проекциялар жазықтығы ретінде қабылдаймыз. Енді кеңістіктің әр А нүктесіне бір жағынан, π_1 және π_2 проекциялар жазықтықтарында оның екі A_1 және A_2 тікбұрышты проекциялары, екінші жағынан үш сан: $XA = [OA_x]$, $YA = [OA_y]$, $ZA = [OA_z]$ яғни оның үш координатасы сәйкес болады. Бұл жерде A_x , A_y , A_z – А нүктесінің координаталар осіндегі тікбұрышты проекциялары.



a) 1.8-сурет



Монж координаттық сызбасында

1.8,б-сурет

$[A_1 A_2]$ – проекциялық байланыс сызықтары, $[A_1 A_2] \perp x$;

1. $[O A_x] = XA$ (абсцисса) – А нүктесінен π_3 проекциялар жазықтығына дейінгі қашықтық;

2. $[A_x A_2] = |A A_1| = YA$ (ордината) – А нүктесінен π_1 проекциялар


жазықтығына дейінгі қашықтық;

3. $[A_x A_1] = |A A_2| = ZA$ (аппликата) – А нүктесінен π_2 проекциялар жазықтығына дейінгі қашықтық;

π_3 жазықтығы z және у координаталар осьтерімен анықталатын профиль проекциялар жазықтығы.

$\pi_3 \{zoy\}$ жазықтығы 1.8 -суретінде көрсетілмеген.

<p>OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	76/11
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	44 беттің 1 беті





1.9-сурет

Есеп. Эпюerde В {B₁B₂} нүктесі В (4,2,3) координаталарымен берілген (1.9-сурет). Осы В нүктесінің оң жағынан π_1 және π_2 жазықтықтарына жақын орналасқан С {C₁C₂} нүктесін салайық.
Анықталуы тиіс:
а) С нүктелерінің координаталарын;
б) В және С нүктелерінің қайсысы қараушыға жақын?
в) В нүктесі π_1 және π_2 жазықтықтарының қайсысына жақын?

- б)Шешуі:
- а) С нүктесінің координаталары мына шарттарды қанағаттандыруы тиіс: $X_C < X_B$, $Z_C < Z_B$, $Y_C < Y_B$. С нүктесінің координаталар шамасын сызба бойынша анықтаймыз: С (2,1,2).
- б) В нүктесі қараушыға жақын, өйткені $|B_2 B_x| > |C_2 C_x|$.
- в) В нүктесі π_1 жазықтығына жақын, өйткені $|B_1 B_x| > |B_x B_2|$.



Кеңістік фигуралардың үш өлшемдігімен байланысты, негізгі екі проекциядан басқа π_1 және π_2 жазықтықтарына перпендикуляр π_3 жазықтығына да проекциясын беруіміз қажет; π_3 – профиль проекциялар жазықтығы (1.10-сурет). А нүктесінің А₃ профиль проекциясын салғанда мына шарттар ескерілуі тиіс:

- [A₁A_z] $\perp oz$; [A₂A_y] $\perp oy$.
- $|A_z A_3| = |O A_y| = |A_x A_2|$.



1.10 –сурет

Проекциялар жазықтығына проекциялаушы болып орналасқан бір сәуленің бойындағы екі нүктенің **бәсекелес нүктелер** деп атайды. Проекциялар жазықтықтарының бірінде, осындай нүктелердің проекциялары беттеседі. Мысалы, А және В нүктелері горизонталь-бәсекелес ($A \perp B$), ал D және C нүктелері фронталь-бәсекелес ($C \perp D$) болады (1.10-сурет).



1.11-сурет

ONÝUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76/11
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	44 беттің беті

1.3.1

Геометриялық бейнелердің берілуі

Геометриялық элементтер аналитикалық түрде-тендеумен, немесе графи-калық түрде –анықтаушымен берілуі мүмкін.

Кеңістікте және сызбада фигураны бірмәнді түрде беретін тәуелсіз шарт-тардың жиынтығын **анықтаушы** деп атайды.

Анықтауыш екі: геометриялық элементтердің тұрақты жиынтығынан тұратын геометриялық (ГА) және тұрақты элементтерден айнымалыларға (үзіліссіз қаңқа) өтудің сипаттауын беретін алгоритмдік (АА) бөліктерден тұрады. Бір геометриялық бейне әртүрлі анықтаушымен берілуі мүмкін.

Түзу мен қысық сызықтардың және сонымен қатар, жазықтықтардың анықтауштарының тек қанагеометриялық бөлігі болады.

4.Әдебиеттер:

Негізгі

- Хиббелер, Р.Ч. Статика мен материалдар механикасы : т. 1: окулық / Р.Ч. Хиббелер ; Қазақ. тіл.ауд. Е. Б. Даусеитов, С Жұнісбеков. – 4 – басылым. – Алматы : ЖШС РПБК “Дәуір”. 2017.- 436.б.
- Бәйдібеков, Ә. К. Инженерлік графика (сандық белгілері бар проекцияда): оку құралы/-Алматы: Эверо, 2013. - 140 б.

Қосымша

- Мирзакулов М.Е., Тұрдалы Қ.М. Сызба геометрия. / оқу – әдістемелік құралы – Шымкент 2022ж
- Мирзакулов М.Е., Турдалы К.М. Начертательная геометрия./учебно – методическое пособие. – Шымкент 2022г

Электронды басылымдар

- Мирзакулов М.Е., Тұрдалы Қ.М. Сызба геометрия./ оқу – әдістемелік құралы. [Электронный ресурс] – Шымкент 2022ж
- Мирзакулов М.Е., Турдалы К.М. Начертательная геометрия./учебно – методическое пособие. – [Электронный ресурс] Шымкент 2022г
- Есмұқан, Ж. М. Сызба геометрия [Электронный ресурс] :оқулық / Ж. М. Есмұқан, Қ Ә. Құспеков, Е. Е. Масимбаев. - Электрон. текстовые дан. (7.67МБ). - Алматы : [б. и.], 2016. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Нәби, Ы. А. Компас-3D жүйесі негізіндегі компьютерлік графика[Мәтін] : [оқу құралы] / Ү. А. Нәби; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Алматы : Бастау, 2015. - 172 б. <http://elib.kaznu.kz>
- Сейтпанов, П. Қ.Техникалық механика пәні бойынша есепті-сызба жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар : учебно-методический комплекс / П. Қ. Сейтпанов: Тапаз ун-ті, 2014. - 129, [1] б. <http://elib.kaznu.kz>
- Инженерлік графика (Сызба геометрия, машина жасау сызуы): Оқулық. / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастыры . - Алматы: Экономика, 2012. - 507б. <http://rmebrk.kz/>

5.Бақылау (сұрақтар, есептер, шығару):

- Қанша кескіндеу әдістері бар?
- Кескіндеу аппараты неден тұрады?
- Эпюр монжбен монж әдісінің айырмасы неде?



ONÝUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76/11
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	44 беттің беті

Дәріс №2

- Тақырыбы:** Тұзудің кескіндері (проекциялары) тұзудің түрлері тұзудің өзара орналасуы.
- Мақсаты:** Тұзудің берілуі мен кескінделуін түсіндіріп оларды есептерге пайдалану.
- Дәріс тезистері:**

Тұзу сызықтың кесіндісінің проекциялары.

Айталық, А және В (1.12-сурет) нүктелерінің фронталь және горизонталь проекциялары берілген. Осы нүктелердің аттас прекциялары арқылы тұзу сызықтар жүргізіп $[AB]$ кесіндісінің $[A_1B_1]$ – фронтальды және $[A_2B_2]$ – горизонтальды проекцияларын аламыз, қысқаша айтқанда сымбада тұзуді беру үшін екі нүктесінің проекцияларын көрсету қажетті және жеткілікті. $[A_1B_1]$ мен $[A_2B_2]$ -де жатқан С нүктесінің C_1 және C_2 проекциялары да $[AB]$ кесіндісін анықтап отыр.




1.12-сурет

А және В нүктелері (1.12-сурет) π_1 , π_2 және π_3 жазықтықтарының әрқайсысынан әртүрлі қашықтықтарда орналасқан, яғни (AB) тұзуі олардың ешкайсынына параллель емес. Оның үстінен тұзудің кез келген проекциялары проекция осіне параллель немесе перпендикуляр емес. Мұндай тұзуді **жалпы жағдайда орналасқан тұзу** немесе қысқаша **жалпы жағдайдағы тұзу** деп атайды. Бұл тұзудің проекцияларының әрқайсысы кесіндінің өзінің ұзындығынан кіші болады:

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> <p>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</p> <p>Дәріс кешені «Сызба геометриясы»</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>044-76/11 44 беттің беті</p>
--	--	-------------------------------------

$$|A_1B_1| < |AB|, \quad |A_2B_2| < |AB|.$$



Эпюerde (1.13-сурет) тұзуді (ℓ) оның екі проекциясымен: ℓ_1 және ℓ_2 жұбымын беруге болады. Бұл жағдайда тұзудің геометриялық **анықтаушы**: ГА $\ell\{\ell_1, \ell_2\}$ болады. Бұл тұзудің эпюргегі моделі.

Тұзудің проекциялар жазықтықтарына қатысты дербес жағдайда орналасуы.

Тұзудің дербес жағдайда орналасқаны немесе дербес жағдайдағы тұзу деп оның проекциялар жазықтықтарының біреуіне параллель немесе перпендикуляр болып орналасқанын айтады.


Осыған орай тұзулар екі топқа: деңгейлік және проекциялаушы тұзулар деп бөлінеді.

Денгейлік тұзулар – π_1 немесе π_2 проекциялар жазықтықтарының біріне параллель тұзулар. Олардың бір проекциясы (проекция жазықтығына параллель орналасқаны) нақты шамасын көрсетеді.


$$a) f\{A, B\} \Leftrightarrow f\{f_1, f_2\} \parallel \pi_1,$$

$$f \parallel \pi_1 \Rightarrow Y_A = Y_B \Rightarrow f_2 \parallel x_{1,2} \quad \wedge \quad |A_1B_1| = |AB| \quad \wedge \quad |f_1| = |f_1 x_{1,2}|$$


$f\{f_1, f_2\}$ – **фронталь тұзу** немесе **жай фронталь** деп аталынады (1.14-сурет)



1.14-сурет



<p>OÝTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> <p>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</p> <p>Дөріс кешені «Сызба геометриясы»</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>044-76/11 44 беттің беті</p>
--	---	-------------------------------------





6) $h\{AB\} \Leftrightarrow h\{h_1 h_2\} \parallel \pi_2 \Rightarrow Z_A = Z_B \Rightarrow h_1 \parallel x_{1,2} \wedge |A_2 B_2| = |AB| \wedge |h^{\wedge} \pi_1| = |h_2^{\wedge} x_{1,2}|$;
 $h\{h_1 h_2\}$ – горизонталь тұзу немесе жай горизонталь деп аталынады (1.15-сурет).

Профиль тұзу $\{AB\}$ – π_1 және π_2 жазықтықтарына бірдей перпендикуляр жазықтықта жататын, бірақ $\{AB\}$ тұзуінің өзі π_1 немесе π_2 жазықтықтарына перпендикуляр болмайтын тұзу (1.16- сурет).

p тұзуінің p_1 және p_2 проекциялары екі параметрлі жиын болуы мүмкін және бұл жиыннан жалғыз профиль тұзууді бөліп алу үшін А және В нүктелерін белгілеу қажет.

$p \{AB\} \parallel \pi_3 \Rightarrow XA = XB \wedge p_1 \perp x_{1,2} \wedge p_2 \perp x_{1,2} \wedge |A_3 B_3| = |AB|$.

$p \{p_1 p_2\}$ – профиль тұзуі немесе жай профиль деп аталынады (1.16-сурет).



<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> <p>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</p> <p>Дәріс кешені «Сызба геометриясы»</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>044-76/11 44 беттің беті</p>
--	--	-------------------------------------



1.16-сурет B_2

A_2 B π_2

Проекциялауны тұзулар – π_1 немесе π_2 проекциялар жазықтықтарының біріне перпендикуляр тұзулар.

- a) $n \{AB\} \Leftrightarrow n \{n_1 n_2\} \perp \pi_2 \Rightarrow X_A = X_B; Y_A = Y_B;$
 $n_1 \perp x_{1,2} \wedge |A_1B_1| = |AB|$.

$n \{n_1 n_2^*\}$ – горизонталь-проекциялаушы тұзу деп аталынады (1.17-сурет).



- b) $m \{AB\} \Leftrightarrow m \{m_1 m_2\} \Rightarrow X_A = X_B; Z_A = Z_B; m_2 \perp x_{1,2}$
 $|AB| = |A_2B_2|$;

$m \{m^*, m\}$ – фронталь-проекциялаушы тұзу деп аталынады (1.18-сурет).

Екі тұзудің өзара орналасуы

Тұзулар кеңістіктегі бірі-бірімен параллель болып ($c \parallel d$), киылсысып ($a \cap b$) немесе айқасып ($m \not\parallel n$) орналасуы мүмкін.

- Егер екі тұзу өзара киылсыатын болса, онда олардың аттас проекциялары да өзара киылсыады және қиылсысу нүктелері бір байланыссызының бойында жатады : $a \cap b = k \Leftrightarrow a_1 \cap b_1 = k_1 \wedge a_2 \cap b_2 = k_2 \wedge (k_1k_2) \perp x_{1,2}$ (1.19-сурет).

- Параллель тұзулардің аттас проекциялары да параллель болады $c \parallel d \Leftrightarrow c_1 \parallel d_1 \wedge c_2 \parallel d_2$. (1.20-сурет).

- Айқас тұзулардің аттас проекциялары қиылсыады, бірақ қиылсысу нүктелері бір байланыссызының бойында жатпайды (1.21-сурет).

Айқасатын тұзулардің проекцияларынан әрқашанда бәсекелес нүктедерді, яғни бірпроекциялаушы сәуленің бойында жататын нүктелерді белгілеуге болады.


1 және 2 нүктелері – фронталь-проекциялаушы ($1 \uparrow 2$), бұл жерде $1 \in m, 2 \in n$.

3 және 4 нүктелері – горизонталь-бәсекелес, ($3 \top 4$), $3 \in m, 4 \in n$.

Бәсекелес нүктелердің проекциялары π_1 немесе π_2 жазықтықтарының біреуінде беттеседі: $1 \uparrow 2 \Rightarrow 1_1 = 2_1; 3 \top 4 \Rightarrow 3_2 = 4_2$.

Екі бәсекелес нүктенің қарашыға жақын орналасқаны көрінетін болады, яғни 3 және 2 нүктелерікөрінеді.


<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> <p>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</p> <p>Дәріс кешені «Сызба геометриясы»</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>044-76/11 44 беттің беті</p>
---	--	-------------------------------------



Есеп. $A\{A_1A_2\}$, $B\{B_1B_2\}$ және $C\{C_1C_2\}$ нүктелері $\ell\{\ell_1\ell_2\}$ түзуінің бойында жата ма (1.22-сурет)?

Анализ: егер нүкте түзуге тиісті болса, онда оның проекциялары да бұл түзудің аттас проекцияларына тиісті, демек:

$$\begin{aligned} A \in \ell &\Rightarrow A_1 \in \ell_1 \wedge A_2 \in \ell_2 \\ B \in \ell &\Rightarrow B_1 \in \ell_1 \wedge B_2 \in \ell_2 \\ C \in \ell &\Rightarrow C_1 \in \ell_1 \wedge C_2 \in \ell_2 \end{aligned}$$



Шешуі:


1. $A_1 \in \ell_1 \wedge A_2 \notin \ell_2 \Rightarrow A \notin \ell$;
2. $B_1 \in \ell_1 \wedge B_2 \notin \ell_2 \Rightarrow B \notin \ell$;
3. $C_1 \in \ell_1 \wedge C_2 \in \ell_2 \Rightarrow C \in \ell$.

Есеп. $A\{A_1A_2\}$ нүктесі арқылы π_2 жазықтығына параллель және $\ell\{\ell_1\ell_2\}$ түзуін қызып өтетін $h\{h_1h_2\}$ түзуін салу керек (1.23-сурет).

Анализ:

1. $h \in A \Rightarrow h_1 \in A_1 \wedge h_2 \in A_2$;
2. $h\{h_1h_2\} \parallel \pi_2 \Rightarrow h_1 \parallel x$;
3. $h \cap \ell = K \Rightarrow h_1 \cap \ell_1 = K_1 \wedge h_2 \cap \ell_2 = K_2 \wedge (K_1K_2) \perp x$

Есеп. Жалпы жағдайдағы $\ell\{\ell_1\ell_2\}$ түзуінің бойынан $M\{M_1M_2\} \in \pi_2$ және $N\{N_1N_2\} \in \pi_1$ нүктелерін анықтау керек (1.24-сурет).



Анализ:

$$\begin{aligned} 1. M \in \pi_2 &\Rightarrow M_1 \in x; \\ M \in \ell &\Rightarrow \left\{ \begin{array}{l} M_1 \in \ell_1 \\ M \in \ell_2 \end{array} \right. \\ M_1 &= \ell_1 \cap x \\ 2. N \in \pi_1 &\Rightarrow N_2 \in x; \\ N \in \ell &\Rightarrow \left\{ \begin{array}{l} N_1 \in \ell_1 \\ N \in \ell_2 \end{array} \right. \\ N_2 &= \ell_2 \cap x \end{aligned}$$

OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76/11
Дөріс кешені «Сызба геометриясы»	44 беттің беті

- ГША: 1. $M_1 = \ell_1 \cap x$; 3. $N_2 = \ell_2 \cap x$;
 2. $M_2 \downarrow M_1 \wedge M_2 \in \ell_2$; 4. $N_1 \downarrow N_2 \wedge N_1 \in \ell_1$.

М және N нұктелері түзудің іздері деп аталауды. Ол нұктелер ℓ түзуінің π_1 және π_2 проекциялар жазықтықтарымен қылышу нұктелері болып табылады:

$$M\{M_1, M_2\} = \ell \cap \pi_2 -$$

горизонталь ізі, $N\{N_1, N_2\} = \ell \cap \pi_1 -$
фронталь ізі.

4. Эдебиеттер:

Негізгі

- Хиббелер, Р.Ч. Статика мен материалдар механикасы : т. 1: окулық / Р.Ч. Хиббелер ; Қазақ. тіл.ауд. Е. Б. Даусеитов, С Жұнісбеков. – 4 – басылым. – Алматы : ЖШС РПБК “Дәуір”. 2017.- 436.б.
- Бейдібеков, Ә. К. Инженерлік графика (сандық белгілері бар проекцияда): оқу құралы/-Алматы: Эверо, 2013. - 140 б.

Қосымша

- Мирзакулов М.Е., Тұрдалы Қ.М. Сызба геометрия. / оқу – әдістемелік құралы – Шымкент 2022ж
- Мирзакулов М.Е., Турдалы К.М. Начертательная геометрия./учебно – методическое пособие. – Шымкент 2022г

Электронды басылымдар

- Мирзакулов М.Е., Тұрдалы Қ.М. Сызба геометрия./ оқу – әдістемелік құралы. [Электронный ресурс] – Шымкент 2022ж
- Мирзакулов М.Е., Турдалы К.М. Начертательная геометрия./учебно – методическое пособие. – [Электронный ресурс] Шымкент 2022г
- Есмұқан, Ж. М. Сызба геометрия [Электронный ресурс] :оқулық / Ж. М. Есмұқан, Қ. Ә. Құспеков, Е. Е. Масимбаев. - Электрон. текстовые дан. (7.67Мб). - Алматы : [б. и.], 2016. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Нәби, Ы. А. Компас-3D жүйесі негізіндегі компьютерлік графика[Мәтін] : [оқу құралы] / Ү. А. Нәби; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Алматы : Бастау, 2015. - 172 б. <http://elib.kaznu.kz>
- Сейтпанов, П. Қ.Техникалық механика пәні бойынша есепті-сызба жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар : учебно-методический комплекс / П. Қ. Сейтпанов: Тараз ун-ті, 2014. - 129, [1] б. <http://elib.kaznu.kz>
- Инженерлік графика (Сызба геометрия, машина жасау сзызы): Оқулық. / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастыры . - Алматы: Экономика, 2012. - 507б. <http://rmebrk.kz/>

5. Бақылау (сұрақтар, есептер, шығару):

- Жалпы жағдайдағы түзу деп қандай түзулерді айтамыз?
- Дербес жағдайдағы түзулер қанша топқа болінеді?
- Денгейлік түзу деп қандай түзуді айтамыз?
- Кескіндеуші түзу деп қандай түзуді айтамыз?
- Екі түзу кеңістікте қалай орналасуы мүмкін?

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</p>	<p>044-76/11 44 беттің беті</p>
<p>Дөріс кешені «Сызба геометриясы»</p>	

Дәріс №3

1. Тақырыбы: Стандарттар МЕМСТ 2.307-38, 2.302-68, 2.304-81, 2.303-68, 2.104-68.

Сызбада өлшем қою ережелері МЕМСТ 2.307-68.

2. **Мақсаты:** Графикалық жұмыстарды орындауга керекті стандарттармен таныстыру.

3. **Дәріс тезистері:**

Өлшемдерді түсіру. МЕМСТ 2.307 - 68*

Сызбага өлшемдер қойғанда, конструкторлар негізгі үш мәселені шешеді:

1. Сызбадағы өлшемдер тек геометриялық түрғыдан емес, сонымен қатар технологиялықпроцесстермен байланысты болу үшін, қандай өлшемдерді көрсеткен жөн?

2. Қойылған өлшемдер сызбаны оқығанда орындаушыларға түсінікті болуы үшін қалай түсірукерең?

3. Қандай өлшемдерді бірігетін бөлшектердің өлшемдерімен байланыстыру қажет?

МЕМСТ 2.307 - 68* өлшемдерді қоюдың негізгі ережелерін тағайындаиды, яғни.мәселенің тек геометриялық жағын қарастырады. Енді осы стандарттың негізгі жағдайларын атап өтейік.



Сурет1.3

Жалпы жағлайлар.

1. Сызбадағы өлшемдер өлшемдік сандар, шығару және өлшем сызықтары, шартты белгілерарқылы көрсетіледі.

2. Өлшемдердің саны мүмкіндігінше аз, бірақ бұйымды дайындау үшін жеткілікті болуы тиіс.

3. Өлшемдер сызықтық және бұрыштық болып бөлінеді. Сызықтық өлшемдер миллиметрде; бұрыштық өлшемдер градуспен, минуттар және секундтарда көрсетіледі.

4. Бір элементке тиісті өлшем , бір рет қана қойылады.

5. Заттың ең үлкен үш өлшемдерін - ұзындығын, биіктігін және енін көрсететін өлшемдердің бағыттары деп атайды.

6. Масштабқа қатыссыз сызбада нақты өлшемдер қойылады.

Өлшеу және шығару сызықтары.

1. Өлшем шекараларын көрсететін сызықтарды, шығару сызықтары деп атайды.

2. Өлшеу сызықтары өлшенілетін кесінділерге параллель жүргізіледі.


3. Өлшеу және шығару сызықтары тұтас жіңішке сызықтармен орындалады.

4. Өлшеу сызықтарын мүмкіндігінше кескіннің сыртына түсіру керек.


5. Шамасы кіші өлшем кескіннің контурына жақын орналасады.

6. Көршілес өлшем сызықтарының , сондай -ақ өлшем сызықтары мен контур сызықтарыныңара қашықтығы 6 - 10 мм аралығында болуы тиіс. (1.2 сурет).

7. Шығару сызықтары контурдың көрінетін, ось және центрлік сызықтардың жағасы болуы мүмкін.



Сурет1.1



Сурет1.2

8. Жалпы алғанда, өлшем сызықтары бағыттаушылармен аяқталады.

Бағыттаушының ұзындығы

i - (6 -10) 8; табанының қалындығы $h = 23$, бұл жерде 5 - негізгі сызықтың қалындығы (1.1 сурет).


9. Шығару сызықтары бағыттаушыдан 1 - 5 мм шығып тұруы тиіс (1.2, 1.3 сурет.).

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76/11
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	44 беттің беті

10. Егер өлшем сызықтары бағыттауши салуға жеткіліксіз болса, оның орнына өлшемді нұктеменнемесе шертпемен көрсетуге болады. (1.3 сурет).


Рұқсат етілмейді:

1. Өлшем сызықтарының бірі-бірімен қиылышы.
2. Өлшем сызықтарының орнына контур, остік, центрлік және шығару сызықтарын қолдануға.



Өлшем сандары.


1. Өлшем сандарын стандартты шрифттермен жазады. Оларды өлшем сызықтарының жоғарғы жағына, ортасына жақын түсіреді (1.4 сурет). 2.



Сурет1.5


3. Егер өлшем сызығының үстінде өлшем санын қоюға орын жеткіліксіз болса, онда оны өлшемсызығының жалғасына немесе (1.5 сурет) шығару сызығына қоюға болады.

4. Радиус өлшемін көрсеткенде, өлшем санының алдына R деген белгі қойылады (1.6 сурет).



Сурет 1.6


4. Сызбада шеңбердің радиусы емес, диаметрі қойылады. Өлшем санының алдына 0 белгісікійылады (Сурет1.7).



Сурет1.7

5. Егер бөлшекте бірнеше бірдей тесіктер болса, онда өлшем тек қана біреуіне қойылып, тесіктердің саны көрсетіледі (Сурет1.8).

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76/11
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	44 беттің беті



4. Эдебиеттер:

Негізгі

- Хиббелер, Р.Ч. Статика мен материалдар механикасы : т. 1: оқулық / Р.Ч. Хиббелер ; Қазақ. тіл.ауд. Е. Б. Даусеитов, С Жұнісбеков. – 4 – басылым. – Алматы : ЖШС РПБК “Дәуір”. 2017.- 436.б.
- Байдібеков, Ә. К. Инженерлік графика (сандық белгілері бар проекцияда): оку құралы/-Алматы: Эверо, 2013. - 140 б.

Қосымша

- Мирзакулов М.Е., Тұрдалы Қ.М. Сызба геометрия. / оқу – әдістемелік құралы – Шымкент 2022ж
- Мирзакулов М.Е., Турдалы К.М. Начертательная геометрия./учебно – методическое пособие. – Шымкент 2022г

Электронды басылымдар

- Мирзакулов М.Е., Тұрдалы Қ.М. Сызба геометрия./ оқу – әдістемелік құралы. [Электронный ресурс] – Шымкент 2022ж
- Мирзакулов М.Е., Турдалы К.М. Начертательная геометрия./учебно – методическое пособие. – [Электронный ресурс] Шымкент 2022г
- Есмұқан, Ж. М. Сызба геометрия [Электронный ресурс] :оқулық / Ж. М. Есмұқан, Қ Ә. Құспеков, Е. Е. Масимбаев. - Электрон. текстовые дан. (7.67Мб). - Алматы : [б. и.], 2016. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Нәби, Ы. А. Компас-3D жүйесі негізіндегі компьютерлік графика[Мәтін] : [оқу құралы] / Ы. А. Нәби; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Алматы : Бастау, 2015. - 172 б. <http://elib.kaznu.kz>
- Сейтпанов, П. Қ.Техникалық механика пәні бойынша есепті-сyzба жұмыстарын орындауга арналған әдістемелік нұсқаулар : учебно-методический комплекс / П. Қ. Сейтпанов: Тараз ун-ті, 2014. - 129, [1] б. <http://elib.kaznu.kz>
- Инженерлік графика (Сызба геометрия, машина жасау сзызы): Оқулық. / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастыры . - Алматы: Экономика, 2012. - 507б. <http://rmebrk.kz/>

5. Бақылау (сұрақтар, есептер, шығару):

- Форматтардың (A4,A3,A2,A1) өлшемдері қандай болады?
- Негізгі жазудың өлшемдерін айтыныз?
- Әріптер қанша градус көлбеулікпен жазылады?
- Өлшем қойғанда қандай таңбалар пайдаланады?

<p>OÝTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76/11
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	44 беттің беті

Дәріс №4

1. **Тақырыбы:** Геометриялық сыйзу түйіндестіру. Көлбеулік.
2. **Мақсаты:** Графикалық жұмыстарды орындағанда түйіндестіру мен көлбеулікті дұрыс орындауды жеткізу.


3. Дәріс тезистері:

Геометриялық салулар.


Техникалық белшектердің контурларын сыйганда әртурлі геометриялық салуларды кесінді және шеңберлерді бірдей н-бөліктерге бөлу, көлбеулік пен конустылықты және түйіндесулерді салу, сонымен қатар әртүрлі қисықтарды орындауға тұра келеді. Енді геометриялық салулардың жиі кездесетін түрлерін көрсетейік.

Шеңберді бірдей тең бөліктерге бөлу.


Шеңберді бірдей тең бөліктерге бөлгенде орындалатын геометриялық салулар 1.9, 1.10, 1.11, 1.12 суреттерде көрсетілген




Сурет1.9 Шеңберді бірдей 4 және 8 бөлікке бөлу.



Сурет1.10. Шеңберді бірдей 3 және 6 бөлікке бөлу.




Сурет1.11 Шеңберді бірдей 5 бөлікке бөлу



Сурет1.12 Шеңберді бірдей 7 бөлікке


OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76/11 44 беттің беті
Дөріс кешені «Сызба геометриясы»	

Көлбеулікті және конустылықты салу.



Сурет 1.13

АС түзінің көлбеулігі деп ВС катетінің АВ катетіне қатынысын айтады. Басқаша айтқанда, көлбеулік ABC тікбұрышты үшбұрыштың АС гипотенузасы мен АВ катетінің арасындағы - бұрышының тангенсі (сурет 1.13).



Сурет 1.14

$$\text{Көлбеулік } i = \frac{BC}{AB} = \frac{n}{\ell} = \operatorname{tg} \varphi .$$

Конустылық деп конустың екі көлденең қимасының диаметрлерінің айырмасының қималардың қашықтығына қатынасын айтады (сурет 1.14)

Конустылық


$$K = \frac{D - d}{\ell} = 2 \operatorname{tg} \varphi = 2i .$$

Конустылық пен көлбеуліктің шамалары екі санның қатынасы-мен, пайызben немесе градуспен берілуі мүмкін.

Швеллердің табанын (сурет 1.15) сыйганда көлбеулікті салудың ретін келтірейік. ГОСТ 8240 - 72 кестесінен керекті мәліметтерді алғып, олар арқылы DC кесіндісін, R және E нұктелерін саламыз. 10%-дық көлбеулікті салу үшін алдымен, 10 мм.-ге тең MD катетінен және 100 мм.-ге тең DN катетінен тұратын MDN үшбұрышын кұрамыз. Сонда MN гипотенузасы 10%-дық көлбеулікті береді. Содан кейін R нұктесі арқылы MN гипотенузасына параллель түзу жүргізіп, А және В нұктелерін аламыз.

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</p>	<p>044-76/11</p>
<p>Дәріс кешені «Сызба геометриясы»</p>	<p>44 беттің беті</p>

Түйіндесу




Сурет 1.15


Бір сызықтан (түзуден немесе қисықтан) екінші сызыққа үшінші сызықтың көмегімен біртіндеп өтуді түйіндесу деп атайды.
Қарапайым геометриядан белгілі:

- Шеңберге жанама 1 түзуі оның радиусына перпендикуляр (1.16 сурет);
- п нормалі - түзу;
- Екі шеңбердің ортақ нормалі-олардың центрлерін қосатын түзу (O_1O_2) болады (1.17 сурет).


Екі сызықтың түйіндесуін салу дегеніміз берілген әр сызықпен ортақ жанамасы жәненормалі бар үшінші сызықты салу болып табылады.



Сурет 1.16



Сурет 1.17



Сурет 1.18

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</p>	<p>044-76/11 44 беттің беті</p>
<p>Дөріс кешені «Сызба геометриясы»</p>	

Түйіндесудің негізгі элементтері

1. Түйіндесу центрі - О нүктесі түйісетін сызықтардан R - түйіндесу радиусына тең бірдей қашықтықта орналасады.

1. Түйіндесетін сызықтардың түйіндесу дөгасымен қосылатын нүктелерін (А және В) түйіндесунүктелері деп атайды.

2. R - Түйіндесу радиусы.

3. $q(0, K)$ - центрі О және радиусы R түйіндесу дөгасы. Түйіндесуді салудың бірнеше мысалдарын көлтірейік.

1-мысал. а және В түзулерін радиусы R шеңбердің дөгасымен түйіндестіру.

Түйіндесуді салу төмендегі кезекте орындалады: 1. Түйіндесу центрі - О нүктесін табамыз. Олшін:

- $a' \parallel a$ түзуін жүргіземіз, бұл жерде $|a'a| = R$;
- $b' \parallel b$ түзуін жүргіzemіз, бұл жерде $|b'b| = P$;
- О нүктесін анықтаймыз $= a'nB'$.


2. Түйіндесу нүктелері - А және В нүктелерін белгілейміз. ол үшін: «а» түзуіне нормаль пәжүргіземіз n_a ә О

$A = n_a \Pi a$ «б» түзуіне нормаль n_b жүргіземіз,

$n_b \in OB = n_b \Pi a$.

3. $q(0, K)$ - түйіндесу дөгасын саламыз.

2 - мысал. а (R_1O_1) шеңбері мен b түзуін радиусы R шеңбердің дөгасымен түйіндестіру (сурет 1.19).



Сурет 1.19

Салу жоспары: 1. Түйіндесу центрі - Онүктесін табамыз:
Доға жүргіземіз, бұл жерде $R' = R_1 + R$;
 $b' \parallel b$ түзуін жүргіzemіз, бұл жерде
 $|b'b| = K$; $O = a \Pi b'$ нүктесін анықтаймыз.

2. - А және В түйіндесу нүктелерін табамыз: $a(O_1R_1)$ және $q(O, R)$ шеңберлерінің ортақ нормалін n_a жүргіземіз. $n_a = O_1O_1$;
 - b түзуіне нормаль - n_b жүргіzemіз, $n_b \perp b$;
 - $A = n_a \Pi a$
 $B = n_b \Pi b$ нүктелерін анықтаймыз.
3. $c(O, K)$ түйіндесу дөгасын жүргіземіз.

3-мысал. Берілген $a(O_1R_1)$ и $b(O_2R_2)$

шеңберлерін радиусы R шеңбердің дөгасымен түйіндестіру

(Сурет 1.16). Салу жоспары:

1. Түйіндесу центрі - О нүктесін табамыз:

- $a'(O_1, R')$ дөгасын жүргіzemіз, бұл жерде $R' = R_1 + R$;
- $b'(O_2, R'')$ дөгасын жүргіzemіз, бұл жерде $R'' = R_2 + R$;
- $O = a' \Pi b'$ нүктесін анықтаймыз.

2. А және В түйіндесу нүктелерін анықтаймыз:

- $a(O_1R_1)$ және $q(O, R)$ шеңберлерінің ортақ нормалін n_a жүргіzemіз;
- $b(O_2R_2)$ және $q(O, R)$ шеңберлерінің ортақ нормалін n_b жүргіzemіз;
- $A = n_a \Pi a$

$B = n_b \Pi b$ нүктелерін анықтаймыз.

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> <p>SKMA —1979—</p> <p>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</p> <p>Дәріс кешені «Сызба геометриясы»</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> <p>044-76/11 44 беттің беті</p>
--	--

3. $q(O, K)$ дөғасын жүргіземіз.

Есеп шешімі төмендегі шарт сакталған жағдайда орындалады.

$$R \leq \frac{O_1 O_2 - (R_1 + R_2)}{2}$$

Екі шеңбердің мұндай түйіндесуін сырттай түйіндесу деп атайды. шеңбердің түйіндесуінің және екі вариантын келтірейік.

4 - мысал. а $\{O_1 R_1\}$ шеңбері мен Ь $\{O_2 R_2\}$ шеңберінің радиусы R шеңбердің дөғасымен іштей түйіндесуін салу (сурет 1.21).

Салу жоспары:

1. Түйіндесу центрі - О нүктесін табамыз:

- а (O_1, R') дөғасын жүргіземіз, бұл жерде $R' = R - R_1$

Р₁; В' (O_2, R'') дөғасын жүргіземіз, бұл жерде

$R'' = R - R_2$;

- О = а'П' Ү' нүктесін анықтаймыз.


2. А және В түйіндесу нүктелерін анықтаймыз:

- а $\{O_1 R_1\}$ и д $\{O, R\}$ шеңберлеріне ортақ нормаль n_a жүргіземіз:


- Ү $\{O_2 R_2\}$ и q $\{O, R\}$ шеңберлеріне ортақ нормаль n_b жүргіzemіз;

- А және В - түйіндесу нүктелерін анықтаймыз, А = $n_a \cap a$, В = $n_b \cap b$.


3. c[(O, K) түйіндесу дөғасын жүргіземіз.



Сурет 1.20




Сурет 1.21



Сурет 1.22

Екі шеңбердің аралас түйіндесуін орындау мысалы 1.22 суретте көрсетілген.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76/11
Дәріс кешені «Сызба геометриясы»	44 беттің беті



Сурет1.23

5 - мысал. Берілген а (O_1R_1) және Ъ(O_2R_2) шеңберлеріне ортақ жанама жүргізу керек (сурет 1.23). Салу жоспары:

R \perp I $1^{\circ}21'$

1. O_1O_2 кесіндісінің ортасындағы Оз нүктесінен радиусы $\overset{\frown}{3}$ -I, "с шеңберін жүргізу.
2. O_1 центрінен радиусы $K = R_1 - R_2$ а/ шеңберін жүргізу
3. $E = с \Pi a'$ нүктесін анықтау.
4. А және В - түйіндесу нүктелерін (жанама) анықтау: $A = aP(O_1E)$, $O_2B||O_1E$.
5. I = AuB жанамасын жүргізу.

4. Эдебиеттер:

Негізгі

1. Хиббелер, Р. Ч. Статика мен материалдар механикасы : т.1: оқулық / Р.Ч. Хиббелер; Қаз.тіл. ауд. Е.Б. Даусеитов, С.Жунісбеков. - 4- басылым. - Алматы: ЖШС РПБК «Даур», 2017. - 436 б.
2. Бейдібеков, Ә. К. Инженерлік графика (сандық белгілері бар проекцияда): оку құралы/-Алматы: Эверо, 2011. - 140 б.

Косымша әдебиеттер

1. Мирзакулов М.Е. Тұрдалы Қ.М. Сызба геометрия./ оқу- әдістемелік құралы. Шымкент 2022ж.
2. Мирзакулов М.Е. Турдалы К.М. Начертательная геометрия. /учебно – методическое пособие. – Шымкент 2022г.

Электронды басылымдар

1. Мирзакулов М.Е., Тұрдалы Қ.М. Сызба геометрия./ оқу – әдістемелік құралы. [Электронный ресурс] – Шымкент 2022ж
